«БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ДІН ІСТЕРІ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УПРАВЛЕНИЕ ПО ДЕЛАМ РЕЛИГИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ | **ПРИКАЗ**

2026 жылғы 5 ақпан | № 1-10/12-н/к

Орал қ. | г. Уральск

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 7)-тармақшасын басшылыққа алып және 2022 жылғы 5 қазандағы №208 Батыс Қазақстан облысының әкімдігінің қаулысымен бекітілген Батыс Қазақстан облысының дін істері басқармасының Ережесінің 13.1-тармағының 6)-тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Батыс Қазақстан облысының дін істері басқармасы» мемлекеттік мекемесі *(бұдан әрі - Басқарма)* мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында әлеуметтік маңызы бар *«Ақпараттық кеңістікте мақсатты топтар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бағытында ағарту және түсіндіру жұмыстарын жүргізу және діни радикалды идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыру мақсатында іс-шараларды іске асыру»* жобаны орындау бойынша қызмет көрсетулерді тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүргізсін;

2. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес техникалық ерекшелігі бекітілсін;

3. Осы бұйрық шыққан күнінен бастап Басқарма тарапынан өтетін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру бойынша ұйымдастырушының уәкілеттік өкілі болып Басқарманың бас маманы – есепшісі Насенова Н.К. белгіленсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

5. Бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және таныстырылуға жатады.

Басқарма басшысы **А. Тапишев**

Бұйрықпен таныстым:
Насенова Н.К. _____

001270